



Өндірістен қол үзбей оқытудың тиімділігі

2025 жылы колледждерде білім алу тегін болады деп күтілуде. Оған «Білімді ұлт» ұлттық жобасы негіз болды. Осы орайда Президент тапсырмасы аясында жыл сайын 100 мың студент колледждерде тегін оқиды. Бүгінде жұмысшы мамандықтардың беделін көтеріп, колледж студенттерін дамытуда облыс жастары WorldSkills халықаралық шеберлік чемпионатына белсенді қатысып жүр.

Өндірісті өңір болғандықтан, Қарағандыда колледж студенттерінің білім алуы аясындағы жұмыстар қарқынды. Оқуға ұмтылған жастар уақытының үштен екі бөлігінде өндірістен қол үзбейді. Уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға және білімге арнайды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент тапсырмасы орындалуда

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев әлемдік WorldSkills қозғалысына тоқталып, Қазақстан 55 қатысушы ел арасында топ-10-ға кіретінін атап өткен.

– Бұл – үлкен прогресс. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен колледждерді жақсарту, өндірістік кәсіптер мен кәсіптік бағдарлаудың беделін арттыру бойынша жұмыс істеп жатқанымызды айтқым келеді. Ол үшін колледждерге академиялық еркіндік берілді, – деп атап өтті министр.

Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында тегін кәсіптік-техникалық білім беру бағдарламасы жыл сайын 100 мың студентті оқытады. Ал, қосарлы білім алумен қамтылған студенттердің саны 35%-ға

жетеді. Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі 63%-дан – 75%-ға дейін артады деп күтілуде. Бұл орайда колледжде білім сапасын дамытуға дуалды білім көмекке келеді.

Облыста қазіргі таңда техникалық

және кәсіптік білім беру жүйесінде 55 колледж жұмыс істейді. Мамандарды даярлау 97 мамандық және 114 біліктілік бойынша жүзеге асырылуда. Колледждерде 31 912 студент білім алатынын ескерсек, оның 21 516-сы – мемлекеттік тапсы-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

рыс бойынша. Кадрларды сапалы даярлау үшін 42 колледжде 6425 адамды қамтитын дуалды оқыту енгізілді. «Жас маман» жобасы аясында 14 оқу орны АҚШ, Италия, Германия, Швеция, Франция, Аустрияның әлемдік брендтерінің заманауи жабдықтарымен жабдықталған.

WorldSkills қандай байқау?

WorldSkills – дуалды білімді дамытудағы ерекше үлес қосатын байқау. Мәселен, дуалды білім жобасы аясында биыл Польшада өткен халықаралық турнирге («Сантехника және жылумен жабдықтау», «Флористика» және «Электроника» қызметі бойынша) Қазақстан атынан үш қарағандылық қатысты. Осы орайда облыста бүгінгі таңда білім беру бағдарламаларына 50-ден астам WorldSkills стандарттары енгізіліпті. Колледждердің 60%-ы жаңа бағалау жүйесіндегі демо емтихандарын енгізуде. Осы уақытқа дейін 28 техникалық-технологиялық колледждің 17-сі WorldSkills стандарты бойынша біліктілік емтихандарын өткізіп үлгерген.

Облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Индира Ысқақованың айтуынша, соңғы үш жылда өңірде колледжде түскісі келетін білім алушылар саны артқан.

► 3-бет



Айдын жағалауын қоқыстан тазартты

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағы Бұқар жырау ауданындағы Көкпекті өзенінің жағалауын қоқыстан тазартты.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көкпекті ауылдық округінің «Жасыл ел» жасағының жауынгерлері «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына үлес қосты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде «Таза Қазақстан» акциясы өткені белгілі. Әу баста науқан белгілі бір уақытпен шектеліп қалмай, жыл бойы жалғасын тапса деген ұсыныс айтылған-ды. Мұны қаперіне алған облыс басшылығы түрлі әлеуметтік-экологиялық жобаларды қолға алған-тын. Біз де өз тарапымыздан жұртшылықты экологиялық мәдениетті қалыптастыру үрдісіне белсенді атсалысуға шақырамыз. Бұл шара біз үшін челлендж іспетті. Барлығы Ботақара ауылынан басталған еді. Одан соң Нұра өзені арнасының аумағына бет алдық. Петровкада жалғастырдық. Көкпекті жағалауына кейінірек кірістік. Акцияға 90-ға жуық адам қатысты. Жастарымыз ауданымызда абаттандыру, қоғалдандыру жұмыстарын жүргізіп, өздерінің бос уақыттарын тиімді пайдалана отырып, жалақы алады, – деді Бұқар жырау ауданы жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Жанболат Жаңбырбаев.

• РЕСМИ

Көлікке көлегейлі әйнек қою қарастырылуда

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі автокөлік әйнектерін көлегейлеуге рұқсат беру мәселесін қарауда. Бұл туралы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев мәлімдеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аптап ыстықтың салдарынан тұрақта тұрған көліктер қайнап, ішіне адам отыра алмай жатыр. Желдеткіштері бар көліктер болмаса, өзгелері терезе ашып барар жеріне әрең жетуде. Осыған орай, өткен брифингте «Қазақстанда көлік терезесін көлегейлеуге рұқсат беріле ме?» деген сұрақ қойылды.

– Бұл сұрақ – әуелден қойылып келе жатқан өте күрделі мәселе. Қазір Ішкі істер министрлігі көлік әйнегін көлегейлеуге бұрын нәтижені тыйым салынғанын зерттеп жатыр. Қытайда шығып елімізде кеңінен таралып жатқан қытай көліктерінің көбісі кеденнен көлегейлі әйнекпен өтуде. Бұл дегеніміз көлік әйнегін көлегейлеу қылмыс емес деген сөз. Тіпті, бұл мәселені Парламент Мәжілісінің

депутаттары да көтерді. Кедендік одақтың регламенті бар. Ал, онда көліктің алдыңғы терезелерін қаншалықты көлегейлеу керектігі жазылған. Қазір құқық бұзушылықты жоюдың жаңа техникалық құралдары пайда болды. Осыны пайдалана отырып, біз көлік терезесін көлегейлеу қаншалықты мүмкін екенін немесе жол қозғалысы қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке қаншалықты кері әсері болатынын зерттеп жатырмыз, – деп атап өтті Марат Қожаев.

Сонымен қатар, Марат Шадетханұлы қытайлық автокөліктердің зауыттан шыққан қалпы өзгертілмейтінін айтты. Себебі, көліктердің терезелері қаншалықты көлегейлі болса да, жарықтың өту пропорциясы байқалады.



• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

«Ustaz Ulytau»: Болашаққа инвестиция салады

Әлемдік технологиялық өзгерістер отандық білім саласына да айтарлықтай өзгеріс әкелді. Сондықтан, білім саласы болашақтағы цифрлық қарым-қатынасқа негізделген қоғамда табысты өмір сүре алатын адамдарды қалыптастыруға дайын болуы тиіс. Осы орайда облыстық білім басқармасында «The Ulytau Educational Foundation «Қайырымдылық қоры» Қоғамдық қоры «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС «Өңірдегі орта білім беруді дамыту перспективалары» атты дөңгелек үстел өткізді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстелде мамандар өңірдегі орта білім беруді дамытудың келешегі, облыстағы мектептерде оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану, STEM тәсілі мен білім беруді цифрландыру мәселелерін талқылады. Жыныға облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын қатысты.

– «The Ulytau Educational Foundation «Қайырымдылық қоры» Қоғамдық қоры «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Жезқазған, Сәтбаев қалаларында және Ұлытау облысының Ұлытау ауданында, Балқаш қаласы мен Қарқаралы, Осакаров, Абай, Бұқар жырау, сондай-ақ, Жамбыл облысының Шу ауданында білім сапасын арттыру бойынша кешенді жұмыстарды атқаруда. Қордың жобасы – «Ustaz Ulytau» педагогикалық трансформация орталығына облыстағы 85 серіктес мектеп пен «Қа-



зақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің екі колледжі кіреді. Алдағы уақытта ынтымақтастық арқасында бірлесіп белсенді жұмыс атқаратындығымызға сенімдімін, – деді Ерлан Құсайын.

Жыныда «The Ulytau Educational Foundation» Қайырымдылық қоры» Қоғамдық қорының директоры Марина Хан қордың Қарағанды және Жамбыл облыстарындағы орта білім сапасын арттыру жөніндегі жобалары туралы әңгімеледі.

– Біз – еліміздің білім беру жүйесін жетілдіріп, ақылды және табысты болашақ ұрпақты қалыптастыратын жаңашыл бастамашылармыз.

Ulytau қорының қызметі жылдам өзгермелі жаһандық нақты ахуалды ескере отырып, Қазақстандағы білім беруді кешенді трансформациялауға бағытталған. Бүгінде Қор – білім беру саласындағы бірнеше әлеуметтік маңызы

Бар жобалардың құрылтайшысы. Бірқатар мамандар мен жанашыр жандардың бірігуінің арқасында біз оқу ұжымдарын трансформациялаймыз, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргіземіз және стипендия негізінде шетелдік оқу орындарында білім алу мүмкіндігін ашамыз, – деді Марина Хан.

Қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жауымбай Қараев орта білім беруді дамытудың тенденциялары, соның ішінде STEM тәсілі, сондай-ақ, оның жұмысының арқасында қазір Сәтбаев қаласының 13 мектебінде белсенді түрде жүзеге асырылып жатқан үш өлшемді әдістемелік бағалау жүйесінің технологиясы туралы айтты.

«Ustaz Ulytau» ПТО-ның «Мектептерді аккредиттеу» бағытының жетекшісі Айгүл Баекешева мемлекеттік мектептерді аккредитациялау және бұл құралдың орта білім беру жүйесіне не үшін

қажет екендігі туралы айтып өтсе, Балқаш қаласындағы Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейдің директоры Шынарғұл Әлішева аккредитациядан өту тәжірибесіне тоқталды.

Дөңгелек үстелге «Ustaz Ulytau» орталығы жобасына енген жалпы білім беретін мектептердің директорлары мен Қарағанды облысы және Балқаш қаласының білім бөлімдерінің басшылары да қатысты. Дөңгелек үстел соңында қоғамдық қор мен Қарағанды облысының білім басқармасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Алдағы уақытта облыста ел мәдениетінің бірегей ерекшеліктеріне сүйене отырып ағарту, білім беру және тәрбиелеу, дәстүрлі этикалық құндылыққа бағыттайтын жобалар жүзеге асырылмақ.

Сурет ұйымдастырушылардан



Тәртіп сақшыларына темір тұлпар табысталды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс полициялеріне су жана 200 қызметтік көлік берілді. Облыстық бюджет есебінен алынған көліктердің барлығы – отандық өнім. Жаңа техникаларды аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өзі тапсырды.



Көліктердің басым бөлігі патрульдік полицияға беріледі. Одан бөлек, тасжолда қызмет ететін тәртіп сақшылары да жол тағамайтын көліктер алды.

– Сіздердің қызметтеріңіз жедел және жайлы болуы үшін қолымыздан келгеніңіз бәрін жасауға дайынбыз. Сондықтан, құқық қорғау органдарының тиімді жұмысында материалдық-техникалық базаны нығайту ерекше маңызды. Биыл құқық қорғау органдарының қажеттіліктеріне облыстық бюджеттен 22,8 млрд теңге бөлінді, оның ішінде, бір миллиардтан астамы материалдық-техникалық жабдықты жақсартуға бағытталады, – деді облыс әкімі.

Өңір басшысы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдарын қолдау жалғасатынын айтты.

бастығы Нығмет Исмағұлов.

Полиция департаменті бастығының орынбасары Нұриддин Дауылбаевтың айтуынша, автопарк жыл сайын жаңарады және қызметтік көлік қажеттілігі 85%-ға қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, 100 арнайы көлік қалада және трасса-ларда қызмет ететін патрульдік полицияға берілді. Бұл сонымен қатар, қыста қар құрсауында қалып қойған адамдарды құтқару жұмыстарын жеңілдетеді. Жаңа микроавтобустар тергеу-жедел топтың оқиға орнына шығуы үшін кезекші бөлімдерге берілді. Ол өз кезегінде арнайы жасақ қызметін жұмылдырудың шапшаңдығын арттырады.

Көліктер қазіргі заманғы стандарттарға сай, байланыс және бейне құрылғылармен және басқа да қажетті



– Материалдық-техникалық базаны жаңарту облыстағы жедел жағдайды жақсартумен тікелей байланысты. Өңірдегі жағдай тұрақты, қылмыстың алдын алу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қоғамдық тәртіпті сақтау, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алда да қолымыздан келгенін жасаймыз, – деп алғысын білдірді облыстың полиция департаментінің

құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Одан бөлек, полиция қызметкерлері еңбегі үшін марапатталды. Қала және аудандардың учаскелік инспекторларына облыс әкімінің Құрмет грамоталары табысталды.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген

Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Аймақтың үздік емханасы

Облыстың денсаулық сақтау басқармасының мұрындық болуымен аймақтың үздік емханасы анықталды. Теміртау қаласының №2 қалалық емханасы – «МСАК үздігі» атанды. Бір айға созылған ауқымды байқау Қарағанды облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалы, сондай-ақ, демеушілер – «YDD Corporation» ЖШС және «Қасиет-Фарм» ЖШС қолдауымен ұйымдастырылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марапаттау шарасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Гүлжан Шайхыбекова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова және қордың Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Копобаев қатысты.

– Медициналық-санитарлық алғашқы көмек ұйымдары маңызды рөл атқарады. Себебі ол – пациент баратын алғашқы орын. Емханалардағы жұмыстың сапасы азаматтардың тұтас медицина туралы көзқарасына әсер етеді. МСАК-ті қаржыландыру бюджет көлемі бойынша екінші орында. Биыл оған 550 млрд теңгеден астам қаражат көзделген. Бұл бюджеттің 20%-ы. Мен сіздердің денсаулық сақтауды дамытуға қосқан баға жетпес үлестеріңізді

атап өткім келеді және әр қызметкерге адал жұмысы үшін алғыс айтқым келеді, – деді Гүлжан Шайхыбекова.

Қор филиалының директоры қатысушылардың қандай критерийлер бойынша бағаланғанын айтып өтті.

– Байқауға 37 медициналық ұйым қатысты, – деді Фазыл Копобаев. – Халықты МӘМС жүйесіне барынша тарту, медициналық көмектің сапасына шағымдар санын азайту, азаматтарымызды МӘМС жүйесінің артықшылықтары мен оң жетістіктері туралы хабарлар ету – конкурстың басты мақсаты.

Байқау қорытындысы бойынша Теміртау қаласының №2 қалалық емханасы бірінші орынды иеленді. Демеушілердің қолдауымен медициналық ұйымға дефибрилятор-монитор табысталды. Екінші орынды және оған берілген сыйлық – электрокардиографты Абай ауданының аудандық ауруханасы жеңіп алды. Үшінші

Биік мақсат, маңызды меже

Кезекті аппарат жиынында сөз алған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев ағымдағы аптаның күн тәртібіндегі мәселелерді бірден алға тартты. Яғни, Астана және Домбыра күндерін мерекелеуге қатысты жан-жақты дайындық барысы әрі егіс науқанын қорытындылау, ауыл шаруашылығын дамыту сұрақтары қаузалды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астана күні – ел мерекесі

Елорда мерейін елдік деңгейде асқақтау мақсатында облыстық шеңбердегі кешенді жоспар әзірленіп бекітілген. Онда 100-ден астам түрлі шара көзделді. Соның аясында мерекелік концерттер легі мен бұқаралық спорттық іс-шаралар, қайырымдылық және экологиялық акциялар, челленджер, фестивалдер мен тақырыптық көрмелерді атап өтуге болады. Атаулы мереке қарсаңында өңірлерде қолбалаы отбасылар мен аз қамтылған әлеуметтік топ өкілдеріне, жалғызбасты зейнеткерлерге қайырымдылық науқандары шеңберінде азық-түлік себеттері үлестірілімек. Материалдық көмек төленеді. Мұнымен бірге, аз қамтылған отбасы балалары Астана мен Қарқаралы шараларына саяхат жасайды. Атаулы мерей күнде бірқатар жаңа нысандардың ашылу салтанаты да жоспарда тұр. Мысалы, 5 шілдеде Шахтинск қаласы Шахан мен Долинка кенттерінде екі хоккей корты мен балалар ойын алаңдарының салтанатты ашылу рәсімі өтеді.

– Облыс көлемінде 3 шілдеге дейін мерекелік безендіру амалдары толығымен аяқталады. Мәселен, 110 тақырыптық баннер, 3000-ға жуық ту конструкциясы орнатылады. Әлбетте, аппарат кеңістігінде де арнаулы тақырыптық айдарлар аясында жарияланымдар жарық көреді. Облыс телеарналарында Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен құттықтау бейнероликтері галамтор желісіне жол тартпақ, – деп хабарлады облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Мерекелік шараларды өткізуге облыс орталығы тастүйін даяр. Бұл арада жастар арасында «Такяя фест» сынды ұлттық киім фестивалі ұйымдастырылып, орталық пен Майқұдық саябақтарында Әліхан Бөкейхан ауданының қос мәдениет үйінің алаңдарында мерекелік концерт ұйымдастырылады. Қала орталығында Art-алаңдары безендіріледі. Әр нүктеде сәндік қолданбалы өнер тұрғысындағы шеберлік сыныптары ұйымдастырылады.

– Ұлттық спорт тоғызқұмақ пен асық атудан байқау ұйымдастырылады. Суретшілеріміз бейбіт өмірімізді қылқаламына арқа етеді. Қолөнершілеріміз шақар туындыларын әлеумет көзіне көрсетеді. Кітапхана қызметкерлері «Оқырман ұлт» жобасы бойынша кезекті көрмесін іске асырмақ. Зообақта жас қонақтарымыз үшін ойын-сауық бағдарламасы ұсынылмақ. Театрландырылған қойылымдар мен айтулы өңшілеріміздің қатысуымен өтетін мерекелік концерттер өз дәрежесінде өтеді, – деді қала әкімі Мейрам Қожухов.

Атаулы күндерден құрыш қала Теміртау да қағаберіс қалмайды. Яғни, шаһар орталығы мен Ақтау кентінде 20-дан астам іс-шара өткізу көзделді. 5 шілдеде қалалық мәдениет және демалыс саябағында «Еңселі Елордам» атты мерекелік концерті өтеді. Баяндамашыларды мұқият тыңдап шыққан Ермағанбет Бөлекпаев барлық салалық басқарма басшыларына, қалалар мен аудандар әкімдеріне мерекелік шаралардың мәнді де, сәнді өтуін қадағалауды тапсырды.

Домбыра күні – ұлттың үні

Елімізде шілде айының алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күні тойланады. Биыл бұл мәні бөлек мейрам 7 шілдеге келіп тұр. Сонымен, 5 шілдеде Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында атаулы күн аясында «Ортеке» республикалық этно-фестивалі өткізілімек. Мақсат – қазақ халқының төл шығармашылығын кеңінен насихаттау. Өнер фестиваліне Қытай, Моңғолия елдерінен, Астана, Алматы қалалары мен Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарының атынан 19 қатысушы ат басын тірейді деп күтілуде. Бағдарлама шеңберінде Қарағанды экономикалық университетінің конференц-залында ЮНЕСКО өкілдерінің қатысуымен материалдық емес мәдени мұраға қатысты республикалық семинар өтеді. Мереке күнінде орталық мәдениет және демалыс саябағында облыстың музыка мектептерінің оқушылары мен мәдениет үйлерінің өкілдері, ауылдық клубтар жанындағы домбыра



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

және өнер ұйымдарында 30 мыңдай адамды қамтитын 325 іс-шара қамтылмақ, – дейді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебулан Жұмакенов.

Ауа райы кедергі емес

Биыл толассыз жауын-шашыннан туындаған әркілі жағдайларға қарамастан, көктемгі егіс жұмыстары сәтімен тәмамдалды. Дер шағында ауыл шаруашылығы техникасын даярлау, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдаумен уақыты іске асырылған серпінді істер оң ықпал еткен болатын. Ендігіде мал азығын дайындау, жер өңдеу, зиянкестерге қарсы күрес, егін орағына даярлық, астық сақтау қорымдарын дайындау науқандары кезек күтеді. Бұл шаралардың жүйелі де дұрыс ұйымдастырылуы өңірдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин атқарылып жатқан жұмысына тоқталып өтті.

– Иә, табиғаттың тосын мінезі египте әбгерге салғанымен, егіс жұмысын аяқтау мерзімі 10 маусымға дейін созылған. Нәтижесінде егіс алқаптарының құрылымы да өзгертілді. Атап айтқанда, биыл көктемгі

АТАУЛЫ МЕРЕЙЛІ КҮНДЕРДЕ

Елорда мерейін елдік деңгейде асқақтау мақсатында облыстық шеңбердегі кешенді жоспар әзірленіп бекітілген. Онда 100-ден астам түрлі шара көзделді

Облыс көлемінде 3 шілдеге дейін мерекелік безендіру амалдары толығымен аяқталады

110 тақырыптық баннер, 3000-ға жуық ту конструкциясы орнатылады



5 шілдеде қалалық мәдениет және демалыс саябағында «Еңселі елордам» атты мерекелік концерті өтеді

Елімізде шілде айының алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күні тойланады. Биыл бұл мәні бөлек мейрам 7 шілдеге келіп тұр



5 шілдеде Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында атаулы күн аясында «Ортеке» республикалық этно-фестивалі өткізілімек

Мақсат – қазақ халқының төл шығармашылығын кеңінен насихаттау

Инфографика жасаған Е.Кеңесбек

үйірмелерінің қатысушылары, фольклорлық ансамбльдер мен оркестрлер музыканттары, домбыра сыныбының мұғалімдері, көркем-өнерпаздар ұжымдары өкілдерінің қатысуымен «Бабалардың аманаты – домбыра» атты мәдени іс-шара өтеді. Онда Тәттімбеттің «Сарыжайлау», Құрманғазының «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай» және Дәулеткерейдің «Қосалқа» күйлері шертіледі. Тәттімбет атындағы академиялық оркестрдің «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблінің және Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің дәстүрлі ән орындаушыларының қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

– Сол уақыт аралығында «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі Майқұдық саябағында өнер көрсетеді. Кеншілер мәдениет сарайының алаңында бұқара жұртшылықпен ұлттық аспаптың қадір-қасиеті турасындағы блич-сауалнама жүргізіледі. Облыс мұражайларында 10-ға тарта іс-шара жоспарланған. Оның ішінде, «Домбыра-дастан» театрландырылған қойылымы, «Домбыра – асыл мұра» атты тақырыптық көрмелері мен танымдық сағаттар, бейнешоулар өтеді. Сарыжайлау кинозалында «Домбыра – қазақтың жаны» атты интерактивті алаңы ұйымдастырылады. Мәдениет

егіс алқабы былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 15 200 гектарға ұлғайды. Дөңді және дөңді бұршақты дақылдар 908 700 гектар жерге егіліп, майлы дақылдар 26 000 гектарға себілді. Шаруашылық құрылымдарымен 11 994 гектарға, көкөніс 994 гектарға егілді, – деп хабарлады аппарат кеңесінде спикер.

Биыл минералды тыңайтқыштарды қолдану аясы айтарлықтай өсті. Тұқымның өртүрлілігін жанартуға көп көңіл бөлінді. Осы мақсатта шаруаларға қосымша субсидиялар бөлінді. Егіс жұмыстары үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арзандатылған дизель отынын алды. Басқарма басшысының айтуынша, дөңді дақылдардың 98%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Шілде айында синоптиктердің болжамы бойынша жаңбыр толастамайды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев табиғат зиянкестерімен күресуге тиісті көңіл бөлуді тапсырды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жануарларына арналған жем-шөптің уақытылы дайындалуын бақылау қажет. Қазірдің өзінде егін жинау науқанына техниканы дайындаумен айналысу керек, астық, картоп және жиналатын көкөністерді қабылдау үшін қоймаларды қамтамасыз ету керектігі айтылды.



орынға «Clinic miras» ЖШС тұрақтады. Емханаға бойды өлшейтін механикалық құрал табысталды.

Марапаттау сәтінен кейін бірқатар кездесулер өтті. Аймаққа жасаған жұмыс сапары аясында қор басшысының орынбасары медициналық ұйымдардағы қаржыландыру мәселелерін талқылады. Сонымен бірге, Гүлжан Шайхыбекова Қарағанды қаласының №1 емханасында ашылған үздік

тәжірибелер орталығына барды.

Үздік тәжірибелер орталығының жаңалықтарының бірі – жас аналарды оқытатын емханадағы ресурстық кабинет. Сондай-ақ, медициналық ұйымда шала туылған балаларға медициналық көмек көрсетуге арналған катанез кабинеті бар. Халықтың медициналық сауаттылығын арттыру үшін денсаулық мектептері ашылған. №1 емханадағы аталмыш орталық жақын-

да ашылған. Оның жұмысы Қарағанды қаласының №2 емханасы мен Теміртау қаласындағы №4 емханасы базасында үздік практикалар орталықтарымен қатар басталады.

Пациентке бағдарланған жаңа жүйе триаж жүйесі бойынша тіркеу деңгейінде пациенттер ағынын бөлу, тіркеу орнының жанынан жедел жәрдем кабинетін ашуды, цифрлық технологияларды интеграциялауды, навигацияны және электрондық кезектерді қамтиды.

Бұл пациенттің «Осында және қазір» қағидаты бойынша жұмыс істейтін қоғамдық қабылдау бөлмесін пайдалана отырып, өз проблемасымен қайда, қалай және кімге жүгіну керектігін анықтауға кететін уақытын барынша жеңілдетеді және қысқартыды.

Мультидисциплинарлық тәсіл қауіпсіздікпен, қолжетімділікпен, нәтижелілікпен және адам денсаулығына қамқорлықпен сипатталатын кешенді медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмекті қамтамасыз етеді.

Мұндай үздік тәжірибелер орталықтары облыстың барлық медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйым базасында ашылады.

Сурет ұйымдастырушылардан

• АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНДЕ

Саранда өткен семинар

Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі жақында Саран қаласында кезекті облыстық көшпелі семинар-кеңес өткізді. Қонақтарды Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағындық Бейсекеев, қалалық мәслихат төрағасы Өміржан Баймағамбетов бастаған жұртшылық өкілдері қалыптасқан дәстүрге сай қала қақпасы алдында құшақ жая қарсы алды. Шашу шашылып, көркемөнерпаздар ән мен күй сыйлады. Қонақтар мен қала басшылары Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің Даңк ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.



Қонақтар жүз жылдық тарихы бар Абай атындағы жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінде сонау 1922 жылы іргесі қасиетті Қарқаралы қаласында қаланған оқу орнының музейінде болып, аудиторияларын аралады. Колледжде семинар-кеңестің пленарлық мәжілісі өткізілді. Мәжілісті кіріспе сөзбен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төрегожин ашты. Саран қаласының әкімі Еркін Баулықовтың семинарға қатысушы ардагерлерге арнаған құттықтауы таныстырылды. Жиналғандар қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұма-

бике Тоқышеваның, бастаушы ардагерлер ұйымының төрағалары Айман Хайруллина мен Тамара Кучеренконың бейнетаспамен безендірілген хабарламаларын мұқият тыңдады. Саран қаласында «Ардағым – Ардагерім» әлеуметтік маңызды жоба аясында тындырымды істер атқарылып отыр. Қалалық кеңес елдімекенде жаңадан ашылған өндірістер: «Қазцентрэлектронпровод» ЖШС (директоры С.Ким), «СКЭП» ЖШС (Ш.Исенов), «Галекс» тігін-тоқыма фабрикасы» ЖШС (Г.Бланкина), «КазТехна» ЖШС (А.Майконов) тағы басқа да кәсіпорындармен

тығыз ынтымақ орнатып, ардагерлерге қайырымдылық көмек ұйымдастырып отырады. Мұнан кейін семинар-кеңесте Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудандық кеңес төрағасы Тілеубек Камалиев және Осакаров аудандық кеңесінің төрағасы Ислам Шәкірбеков сөз сөйлеп, тәжірибелерімен бөлісті. Мәселен, облыс орталығының орталық ауданында қазак халқының даңқты перзенттері Қаздауысты Қазыбек бидің, «Көмекей әулие» атанған Бұқар жыраудың, орыс отаршылдығына қарсы күрес бастаған Сырым Датұлының,

басқа да тұлғалардың құрметіне қызықты шаралар өткізілсе, Осакаров ауданы көршілес астықты аудандар Қарағандының Нұрасы мен Ақмоланың Аршалы аудандары ардагерлерінің кездесулерін ұйымдастырып отыр. Өріптестерін, әсіресе Осакаров аудандық кеңесінің «Белсенді ұзақ өмір сүру» жобасы аясында қаржы тауып, жұмысын ұйымдастыруы қатты қызықтырды.

Түстен кейін ардагерлердің кейінгі кезде бұқаралық ақпарат құралдарында жиі айтылып, жазылып жүрген Сарандағы инновациялық өндіріс орындарының бір-екеуімен танысудың сәті түсті.

Семинар-кеңесте ардагерлер қозғалысының бір топ белсенділеріне республикалық Орталық кеңес пен облыстық кеңестің наградлары табыс етті. Қарқаралы аудандық кеңесінің төрағасы Ойрат Жүкібаев, Нұра аудандық кеңесінің президиум мүшесі Анатолий Романенко және Ақтоғай аудандық кеңесінің жауапты хатшысы Қайыркүл Сүйіндіков республикалық «Құрмет белгісі» төбелгісімен марапатталды. Ал, Саран қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Айман Хайруллина «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» төбелгісіне ие болып, есімі кеңестің Құрмет кітабына жазылды. Сондай-ақ, осы шараны ұйымдастырып, ардагерлер ұйымы мен карт адамдарға қайырымдылық көмек көрсетіп жүрген қаланың кәсіпорын, мекеме басшылары мен жекелген азаматтарына облыстық кеңестің Алғыс хаттары жолданды.

Семинар-кеңестің жұмысы бойынша түрлі-түсті суреттермен безендірілген кітапша шығарылып, ардагерлер ұйымдарына таратылады.

Аман ЖАНГОЖИН,
облыстық кеңестің жауапты хатшысы

• ФЕСТИВАЛЬ

Ұлттық сусын ұлықталды

«Қымыз – дертке дауа, жаңға шипа» жобасын іске асыруға арналған ұлттық тағамдарымызбен ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа насихаттау, жергілікті жеріміздің табиғи сусыны қымызды және сүт өнімдерін халыққа дәріптеу мақсатында Шет аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен орталық саябақта «Қымыз Fest» фестивалі жоғарғы деңгейде өтті.

Қазақтың киелі асы – қымыз. Киелі болатын себебі, қымыз шөл қандыратын сусын ғана емес, адамға күш-қуат беріп, науқастарға ем болады. Жылқының сүтін сауып, қымыз дайындау, оны сусын ретінде пайдалану көне замандардан белгілі болған. Қымыздың он шақты түрі бізге белгілі.

Атап айтсақ, қорға қосылған, бірақ, әлі ашып болмаған бие сүті – саумал. Биені жаңа байлаған кездегі ең қуаттысы – уыз қымыз. Қыстан әдейі сақталған семіз қазыны салып піссе – бал қымыз, жаз ортасында шөп әбден піскен кездегісі – сары қымыз. Қанжығаға байланған торсықтағы – торсық қымыз, көп тұрып қалғаны – түнеме қымыз. Күбде екі түн ұсталғаны – құнан қымыз, күбде неме-

ұршық иіріп, диірмен тартып, құрт жайып, ыстық бауырсақ пісіріп, «Құмыз құйғыш» әні әуелеген ұлттық құндылықтар насихатталған сахналық көрініс қойылды. Фестивальге биенің сүтінен өздері дайындаған денсаулыққа пайдалы дағдылармен – Сағын Қаппарова, Жанат Молдағұлова, Қайролла Құсайынов, Жасұлан Боқанов қатысты.

Фестиваль барысында ауданымыздың жастары халқымыздың «Қарқын аяқ» рәсімін жаңғыртып, күннің ыстығына қарамастан 2 литр қымызды тоқтамай ішсе, «Қымыз ба-



се сабада үш түн сақталғаны – дөнен қымыз. Төрт күннен аса тұрғаны – бесті қымыз, қысыр қалған биенікі – қысыр қымыз. Қулық биенің сүтінен ашытылғаны – қысырақ қымыз, күзге қарай бие ағытылар кездегісі – сірге қымыз.

Фестивальде ұлттық сусынымызды күбде пісіп, аудан жұртшылығына ұсынылды. Сонымен қатар, қатысушылар

сар» жарысында қазақтың ұлттық ойындары Асық иіру (онға дейін алшы түссе, екі ұпай, тәуке түссе, бір ұпай), бес тас ойыны және басқа да ойындар ойнатылып, жастар Айттыбақан теуіп, мерекесіне дәстүрлі әндерден концерттік бағдарламаға ұласты.

Азат МУХАМБЕК,
мектеп бітіруші түлек

Өндірістен қол үзбей оқытудың тиімділігі



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Биыл өңірде Қарағанды кәсіптік-техникалық және Теміртау техникалық колледжінің базасында «Шаштараз өнері» және «Дәнеркерлеу ісі» мамандықтары бойынша 10-11 сынып оқушыларын тәжірибелік оқыту енгізілді. 10-11 сынып оқушылары таңертең мектепте оқиды, ал, түстен кейін (3-4 сағат) осы колледждер базасында оқиды. Мектепті бітіргеннен кейін олар орта білім туралы аттестат пен біліктілік туралы диплом алады. Бұл жобаға мектеп оқушылары тарапынан қызығушылық артты, – дейді Индира Ысқақова.

Басқарма мамандарының сөзіне сүйенсек, биылғы оқу жылына қабылдау 8144 орынды құрапты. Мемлекеттік тапсырыстардың 60%-ы – техникалық мамандықтарға (металлургия, машина жасау, IT, құрылыс, көлік және т.б.) бағытталған. Бұл орайда жұмысшы мамандықтарына аса ден қойылады. Мәселен, WorldSkills байқауына үміткер жастың көбі «Цифрлық технология», «Денсаулықтың және спорт», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және



пайдалану», «Құрылыс және ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану», «Банк ісі және сақтандыру», «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)» «Интерьер дизайны» мамандықтарына қызығады. – Колледждер базасында оқу фермалары мен шағын кәсіпорындар құруды мақсат еттік. ТЖББ ұйымдарында коммерцияландыруды дамыту үшін компаниялық мемлекеттік кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың бағасы белгіленді.

Биыл Қарағанды тағамтану және сервис колледжінің базасында шағын наубайхана ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға және сонымен бірге, колледждің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ықпал етеді, – дейді облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Білім басқармасында айтылғандай, WorldSkills байқауына дайындық бір-екі айға емес, бірнеше жылға созылады. Жақсы маман тәрбиелеу үшін мұғалімдердің

үлкен еңбегі қажет. «Жас маман» жобасының арқасында өңірдегі колледждер әлемдік стандарттағы ең жаңа жабдықтарды алды, бұл біздің студенттеріміздің кәсібилік деңгейін көтеруге көмектесті. Жеңімпаздар өз құзыреттерінде республикалық чемпионатта Қарағанды облысының атынан қатысатын болады.

Біліктілікті шыңдайтын байқау

Жақында Қарағанды облысында WorldSkills Karaganda-2024 облыстық чемпионатының қорытындысы шықты. Биыл оған 300-ге жуық колледж студенттері қатысты. Жарыс 45 мамандық бойынша өтті. 125 адам жеңімпаз және жүлдегер атанды. Олардың 48-і бірінші орынға ие болды. Олар WorldSkills Kazakhstan-2024 республикалық чемпионатының марапаты үшін таласпақ. Жалпы биыл байқауға қызыққан жастар көп. Бірнеше жастың қызықты жобаларын ұсынғанын байқадық. – Маған сайттар мен мобильді қосымшалар жасау ұнайды. Көптеген қызықты жобалар бар. Болашақта жана білім алып, тәжірибемді жетілдіріп, өз ісімді дамытқым келеді, – дейді чемпионатқа қатысушы Қарағанды техникалық-экономикалық колледжінің студенті Диас Шаймұхан.

WorldSkills жастардың кәсіби дағдыларын дамытып, жұмысшы кәсіптердің имиджін арттырады. Мәселен, Диас мобильді қосымша арқылы бес адамды жұмысқа тартуға мүдделі екенін айтты.

Кәсіби шеберлік байқауы халықаралық деңгейдегі жаңа формация маманы қалыптастыруға ықпал етеді. Биыл тоғызыншы рет өткен WorldSkills чемпионатына әртүрлі салалардағы 2300-ден астам болашақ мамандар қатысқанын ескерсек, жас мамандар үшін бұл байқау өз дағдыларын жоғары деңгейде көрсетудің бірегей мүмкіндігі екеніне көз жетеді.

Суреттер ашық дереккөзден

ПИЛОТТЫҚ СЫНАҚТАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Балқаш Су» ЖШС «Балқаш қаласының кәріз тазарту құрылыстарын салу» жұмыс жобасын іске асыру шеңберінде (Тапсырыс беруші – «Балқаш қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі») ММ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығымен белгіленген судың сапасын алу үшін шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды тазарту технологиясын (механикалық тазарту, биологиялық тазарту, тазарту және зарарсыздандыру технологиясын қоса алғанда) таңдау мақсатында технологиялық іздестірулер (пилоттық сынақтар) жүргізу жоспарлануда «Шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» сондай-ақ, «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және су объектілерінің мәдени-тұрмыстық су пайдалану және қауіпсіздік орындарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы.

Сынақтарды жүргізу кезінде технологиялардың әлеуетті жеткізушілері ҚР АШМ ҚВР 08.12.2014 ж. № 285 бұйрығымен бекітілген «суды ультрафилтрациялау технологиясына пилоттық сынақтар жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқауларда» белгіленген рәсімдерді ұстануға тиіс.

Сынақтарды өткізудің болжамды кезеңі: ағымдағы жылдың 32-38 аптасы. Қатысуға өтінімдерді пилоттық сынақтар жүргізуге жауапты «Аква-Д» ЖШС (Астана қ.) жобалау ұйымына жіберу керек. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады – kim_alex83@mail.ru. Тел.: +7 (701) 511 18 38.

После смерти Габдрахманова Василия Габдулхаевича умершего 21 июня 2024 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Миндызе Гайнетдиновне. Город Сарань, улица Джамбула, дом 67А. Офис 2, телефон 87014379918. 8708594202.

№235

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



• БИЛЬЯРД

Ақиқаттың алдаспаны ардақталды

Масс-медиа қызметкерлері арасында қаһарман қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Нұрмахан Оразбек атындағы облыстық бильярд турнирі өтті. Оған ақпарат айдынында желкен жайған жас буын өкілдерімен қатар құрметті ардагер журналистер де қатысты. Дода екі жылдан бері дәстүрлі түрде өтіп келеді. Ұйымдастырушы – «Saryarqa Aqparat» медиахолдингі, бас демеуші – Арқаның Атымтайы, белгілі меценат Бекзат Алтынбеков.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл турнир журналистер қауымының кәсіби мерекесіне орайлас-

тырылған. Жыл сайын Арқаның журналистері бильярдта бас қосады. Билығысына ардагер журналистер, аймақтың қадірменді

ақсақалдары Сүйіндік Жанысбай мен Аман Жанғожин, аты аңызға айналған фототілші Валерий Петухов, Михаил Бодажков қатысты. Қатысушылар арасында «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда мен Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Жәнібек Садықанов та бар. «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы Қуаныш Аманқұлов, облыстық «Saryarqa» телеарнасының журналистері Ботабек Тілегенов пен Мақсат Бейсенаев та қатысты.

Сүйіндік Жанысбай турнирдің ашылу салтанатында сөз сөйлеп, турнир өңір журналистері бас қосатын, бірлік пен ынтымақты арттыратын алаңға айналып келе жатқанын атап өтті.

– Осы турнирді ұйымдасты-

рушыларға ерекше алғыс! Бұл күні қарымды қаламгер, Арқа баспасөзінің қарашаңырағы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы болған Нұрмахан Оразбек ағамызды еске аламыз. Жас буынға сол дақты журналистің жолын берсін! Турнирде мықтылар жеңіске жетсін! Ауызбірлігіміз, ынтымағымыз беки берсін! – деді Сүйіндік Жанысбай.

Валерий Петухов облысымызда дәстүрлі турнирдің болуы, журналистер үшін зор қуаныш екенін айтты.

– Басқа облыстардың бәрінде осындай турнирлер болып жатады. Соларға қарап қызығатын едік. Енді, міне, бізде де бар. Мен үшін бұл зор қуаныш. Осы жерден шабыт алып, марқайып қайтамыз, – деді ол.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры, турнирді ұйымдастырушы Қайрат Әбілда осы турнир қаһарман редакторға деген құрмет екенін айтты.

– Бұл турнирді ұйымдастырудағы мақсатымыз айқын. Бұл – қаһарман редакторымыз Нұрмахан Оразбекке деген құрметіміз. Екіншіден, бильярд – спорттың ерекше түрі. Біз осы арқылы саламатты өмір салтын насихаттаймыз. Шамамыз келгенше, осы турнирді жыл сайын ұйымдастырамыз. Барша әріптестеріңізді басы қосылады. Ардагер журналистерімізге зор алғысымызды білдіреміз. Алдыңғы толқын ағалар жас толқынға осылайша жол көрсетеді. Баршасына тек сәттілік пен жеңіс тілеймін! – деді Қайрат Жүнісұлы.

Турнирде бильярдтан әуесқойлар арасындағы облыстық бірінші лиганың чемпионы Ақтілек Жүнісов төрешілік етті.


Турнирдің бірінші орынын Валерий Петухов алды. Ал, Михаил Бодажков екінші орыннан көрінді. Қола медальді Сүйіндік Жанысбай қанжығалады. «Көрермен көзайымы» аталымы Қуаныш Аманқұловқа табысталды. Жеңімпаздарға кубок пен медаль және қаржылай сыйлық берілді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚЫЛҚАЛАМ

«Өнерге әркімнің-ақ бар таласы»

Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің №33 мекемесінде жазасын өтеуші Абайдың портретін салды. Бұл туралы Polis.kz хабарлады.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мекемеге келгеннен кейін жазасын өтеуші уақытының көп бөлігін кітап оқуға бөлген. Әсіресе, Абайдың өлеңдерін ерекше ынта-ықыласпен оқыған.

– Маған «Қарашада өмір тұр» өлеңі қатты әсер етті. 130 жыл бұрын, яғни, 1894 жылы жазылған екен. Оқығаннан кейін Абай Құнанбаевтың шығармашылығына ерекше көңілім тартты, – дейді жазасын өтеуші Сағынш Құдайбергенов.

Жазасын өтеушінің мектеп кезінен сурет салуға әуестігі бар. Мекеме қабырғасында да бірнеше рет қабырға газеттері байқауына

қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Ақынның өлеңдерінен әсер алған ол Абайдың портретін салуға шешім қабылдап, мекеме өкімшілігінен материалдар алуға көмек сұраған.

– Сурет салу – адамның жеке басы мен шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді әдісі. Шығармашылықпен айналысқысы келген кез келген сотталушының бастамасын құптаймыз. Сурет салу арқылы олар өздерін дамытуға мүмкіндік алады. Мұндай шараларды өткізу сотталғандар арасындағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етеді, – дейді мекеме бастығының орынбасары әділет подполковнигі Бақытжан Ахметов.

• ФУТБОЛ

«Шахтерде» – жаңа шабуылшы

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының сапына жаңа шабуылшы қосылды. Клуб сербиялық Милан Джокичті ресми түрде таныстырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Милан Джокич осыған дейін сербиялық командаларда доп тепкен. «Спартак Суботица», «Челарево», «Бачка 1901», «Моравец Мрштане», «Златибор Кажетина», ЦСКА, «Брегальница» мен «Дубочицада» өнер көрсетті.

Енді ол «Шахтер» сапында 97 нөмірде ойнайды.



Сурет шық. адрекс.ком

• БОКС

Ел боксын өз биігі күтіп тұр

«Қазақстандық бокс спортының біржүйеленуіне бар күшімді саламын» деген Геннадий Головкиннің сөзі боксүйер қауымның көңіліне қонды. Бұл туралы ол Boxing247.com тілшісі Джеймс Слэтерге берген сұхбатында айтты.

Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті қазақстандық бокс жүйесіне әуелден көңілі толмайтын жасырмаған еді.

– Біздің көптеген спортта бармақ басты, көз қыстылық әрекеттер жоқ емес. Осының салдарынан небір талантты жас спортшылар

мансабынан баз кешіп, спорттан қол үзіп кетуде. Біздің елде спортшылар жеңіске әділ жолмен жеткенде ғана, әлемдік додада шашамызға шаң жұқпайды, – деді Геннадий Головкин.

Расында, қазылар шешімі мен түрлі спорттық ұйымдастырушы-

лардың кесірінен спорттық ойындардың арты дау болып жүргені анық. Қарағандылық былғары қолап шеберлерінің де кейінде аламан алдынан көрінбеу себебі де осы көрінеді. «Бұл қателіктің алдын аламын» деген бокс жанашырының сөзі әлем арнасынан беріліп, жағымды пікірлер жазылуда.

– GGG қазақстандық бокстың әлемге танылуына жаңа серпін береді дегенге толық сенемін. Ол

өзі де – 2004 жылғы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері. Қазір ол қолындағы билігі мен танымалдылығының арқасында Қазақстанның бокс спортына айтарлықтай жағдай жасауда. Тіпті, кәсіпқой боксшыларға жаңа жаттығу үрдістерін үйретіп, бірізді шебердің сыртына шығуға бастауда, – деп атап өтті Джеймс Слэтер.

Өз тілшімізден

• ШАХМАТ

Ардагерлердің шахмат аламаны

Қарағандыда өткен ардагерлер арасындағы дәстүрлі облыстық шахмат турниріне қалалық және аудандық жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысып, бақ сынасты. Сайыс Швейцария жүйесі бойынша өтті.

Бұл жүйеде жеті тур болса, уақытты бақылай отырып, әр қатысушыға 15 минут беріледі. 28 спортшы өз тапқырлығы мен білгірлігін көрсетіп, спорт бәсекесі тартысқа толы болды.

Аталған турнирді облыстық ардагерлер кеңесі, «Ардагер-2012» ардагерлер шахмат клубы, дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған.

– Ақсақалдарымыз жарыстарға белсенді түрде қатысып келеді. 2012 жылы «Ардагер» деген атаумен ардагерлер шахмат клубы құрылды. Қазір бұл клубта бірнеше құрам бар. Жақында Қарағандыда шахмат бойынша Senat I Ашық кубоктың іріктеу туры өткен. Жартылай финалға шыққан үздік 25 ойыншының арасында біздің ардагерлер де бар. Меніңше, шахмат ақыл-ой қабілеттерін дамытады, мидың картаюына жол бермейді. Шынында, бәріміз бұл ойыннан үлкен ләззат аламыз, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Аман Жанғожин.

Қарағандылық Хауия Білімхан тартысқа толы турнирдің жеңімпазы атанды. – Жас кезімнен шахматпен айналысымын. Шахматтан спорт шеберлігіне үміт-



Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осақаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KJWBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 200

№ 73 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жаная ОМАРБЕК**